

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____

№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента

« __ » _____ 20 __ года

2024 жылғы 27 наурызда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О.А. Бектеновке

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Олжас Абайұлы!

«АМАНАТ» партиясы өз сайлауалды бағдарламасында Ескі Қазақстанның жүйесі болған барлық деңгейдегі делдалдарды жоюды іске асыруды негізге алып отыр. Осыған дейін аманаттықтар, газ және теміржол саласындағы «прокладка» ұйымдарды реттесе, енді электр энергетика саласында тәртіп орнататыны анық.

Өйткені сайлаушылармызбен кездескенде электр энергиясының тарифтерін негізсіз көтеріп отырған, ел аузында «ЭСО» деп аталып кеткен – **энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға** тыйым салуды, олар бізге аманат еткен.

Осыдан 20 жыл бұрын либерализация және электр энергиясының бөлшек сауда нарығында бәсекелестікті енгізу аясында – энергиямен жабдықтаушы ұйымдар пайда болды. Олар нарықта электр қуатын көтерме бағамен сатып алып және тұтынушыларға сатуды жүзеге асыратын компаниялар немесе жеке кәсіпкерлер. Бір сөзбен айтқанда дистрибьюторлық қызмет атқаратын делдалдар.

Қазіргі таңда бұл ұйымдардың **реттелетін** және **реттелмейтін** екі түрі нарықта жұмыс жасап отыр. Реттелетін ұйымдар тұрғындарға, заңды тұлғаларға және бюджеттік ұйымдарға қызмет көрсетуде және мемлекет тарапынан олардың операциялық шығындары ескеріліп, жабдықтау тарифінің орташа бағасы 1 квт сағатқа 1 теңге жобасында бекітіліп отыр.

Ал, реттелмейтін ұйымдар, тарифтерін өздері белгілейді, яғни оларға **«әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ»!**

Ұлттық оператор – КЕГОГ-тың мәліметі бойынша еліміздің тұтынушыларына жіберілетін электр энергияның 18 пайызы тарифі

реттелмейтін жүздеген ұйымдар арқылы сатылып отыр. Яғни делдалдар арқылы миллиардтаған қаржы өтеді.

Біздің болжамды есебіміз бойынша әрбір делдал жылына кемінде 1 миллиард теңге таза пайда көреді екен. 120-дан астам реттелмейтін ұйымдардың бір жылдық таза табысы кемі 150 миллиард теңгені құрайды. **Бұл әзірше болжам цифрлар, нақтысын ешкім білмейді.**

Өйткені бұлар ешкімге есеп бермей, тек делдалдық қызмет арқылы, кеңседегі азғантай ғана қызметкерлерімен, халықтың адал табысынан миллиардтап қаржы тауып отыр. Сорақысы, бұл ұйымдардың балансында бір метр электр желісі, тіпті электр бағаны мен трансформаторы жоқ. **Бұл не деген батпан құйрық?!**

Егер де, бюджеттік ұйымдарды, адал кәсіпкерлерді, ең бастысы халықты сүлікше сорып отырған, қанағатсыз делдалдардың қызметі дәл осылай жалғаса беретін болса, бұның түбі қоғамда саяси-әлеуметтік **шиеленіске әкелуі әбден мүмкін.**

Себебі, біріншіден, делдалдар тарифті негізсіз көтеруді жалғастыра береді және суперпайда табады. Мысалы, кейбір өңірлерде делдалдардың тарифіндегі таза пайда **бір кВт сағат үшін 25 теңгеге** жеткен. Ал, Қазақстандағы ең ірі Екібастұз 1-ші электр станциясының **1 кВт сағат электр энергиясын өндіру тарифі 8 теңгені** құрайды. Делдалдар ештеңе өндірмей-ақ станциялармен салыстырғанда кемі 3 есе пайда көріп отыр.

Қынжылтатыны, сол таза табыстарынан энергетика саласына **бір тиында инвестиция салмаған.** Тіпті бірде-бір есептегіш құралды орнатпаған. **Тірліктері тек қана қалтаны томпайту, пайда табу.**

Екіншіден, биылғы жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік сатып алу заңынан реттелетін электр жабдықтаушы ұйымдардың бір көзден келісім-шарт жасау нормасы алынып тасталуы себебінен, реттелмейтін делдалдар бағаны демпинг жасап, заңды тұлғалар мен бюджеттік ұйымдарды өздеріне тартып ала бастады.

Соның салдарынан бюджеттік ұйымдар арқылы субсидияланып отырған тұрғындардың электр тарифі көтерілді. Баға өсті.

Үшіншіден, Делдалдардың артында шетелдік және шетелде тұратын қазақстандық олигархтардың тұрғанын білеміз. Осы ретте, ЭСО-лардың таза пайдасы олигополиялық топпен шетелге шығарылып жатқаны тағы бар.

Оған нақты дәлел, өткен жылдың аяғында «Ratel.kz» ақпараттық порталы қазақстандық делдал компанияның көрші елдің энергетика саласына 2,3 миллиард АҚШ доллары көлемінде инвестиция салатыны жайлы мәліметпен бөлісті. Бұл дегеніміз Қазақстанда тапқан табысты актив ретінде шетелге шығарумен пара-пар.

Ал, мұндай қаржы иелері, тапқан капиталдарын мемлекетке қауіп төндіру бағытында **пайдаланбайтынына кім кепіл?!**

Дегенмен, біз Мәжілісте олигарх топтардың делдалдық ұйымдарының ашық қарсылығына қарамастан, «прокладка» ұйымдарды жою бойынша нақты заң нормасын дайындап, енгіздік.

Делдалдардың артындағы олигархтардың әлеуетін және олардың биліктегі байланыстарын ескере отырып, Үкімет тез арада келесі нақты шешімдерді қабылдауы қажет:

- делдал ұйымдарды нарықтан толықтай алып тастау;
- электр энергетика нарығында делдалдарсыз жаңа құрылымға өту тәртібін әзірлеу;
- тұтынушылар үшін ашық және әділ тарифтерді қамтамасыз ету және оларды қатаң бақылауға алу.

Әріптестер, 2023 жылдың шілдесінде энергетика нарығында арнайы бірыңғай сатып алу моделі енгізіліп, энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың қызметі онсызда мағынасын толығымен жойды. Ендігі кезекті осы мәселені Мәжілісте заңмен бекітіп, ал Үкімет нақты іске асырушы механизмдерді жасақтап, орындауы тиіс.

Құрметпен,

«Amanat» партиясы

фракциясының депутаттары

Жаңбыршин Е.Т.

Әбіл Е.А.

Әлтай А.Д.

Балабиев Қ.Р.

Бейсенбаев Е.С.

Бексұлтанов Қ.

Ескендіров М.З.

Жайымбетов М.Ж.

Қалықов А.Қ.

Мусабаев С.Б.

Пономарев С.М.

Рау А.П.

Смағұлов Б.Ә.

«Ауыл» партиясы

фракциясының депутаттары

Егізбаев С.Р.

Арсютин Н.Г.

Әбден Қ.Ж.
Баққожаев А.А.
Дайрабеv Ж.М.
Зейнуллин А.Т.
Саурықов Е.Б.
Серіков Т.Ғ.

«Ақ жол» партиясы
фракциясының депутаттары

Перуашев А.Т.
Барлыбаев Е.Х.
Бейсенбаев Е.А.
Еспаева Д.М.
Иса Қ.Ж.
Садықов А.А.

«Respublica» партиясы
фракциясының депутаты

Берденов Р.А.

Жалпыұлттық социал-демократиялық
партиясы фракциясының депутаты

Сағандықова А.Б.

Бірмандаттық аумақтық
сайлау округтері бойынша
сайланған депутат

Бапи Е.С.